

Катонқарағай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 14/173-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 8981-16 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Катонқарағай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Катонқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Болаев